

ӘОЖ 81:25
ҒТАХР 64.01.33

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАТА ТҮРЛЕРІ АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОСОБЕННОСТИ ОБРАЗОВАНИЯ НАЗВАНИЯ ВИДОВ ТКАНЕЙ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

FEATURES OF BUILDING NAMES OF FABRICS IN KAZAKH LANGUAGE

З.Ж. АУХАДИЕВА
З.Ж. АУХАДИЕВА
Z.SH. AUKHADIYEVA

(Алматы технологиялық университеті)
(Алматинский технологический университет)
(Almaty Technological University)
E-mail: zauresh.59@mail.ru

Ұсынылып отырған мақалада қазақ тіліндегі мата түрлері атауларының жасалу ерекшеліктері бірінші рет қарастырылады, себебі кездеме атауларының практикалық тұрғыда қолданылуы қазақ тіліндегі сөздік қордың дамуына үлкен үлесін қосуда. Тарихымыздың, мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің негізгі бөлігі ретінде қолданылып келе жатқан мата атауларының сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар: 1) синтетикалық (морфологиялық), 2) аналитикалық (синтаксистік), 3) лексика-семантикалық тәсілдері және мақаланың. Аталған тәсілдер арқылы олардың қазақ тіліндегі жасалу ерекшеліктерін анықтай отырып практикалық сабақтарда кәсіби тілді меңгеруді жеңілдетеміз.

В представленной статье выявляются особенности словообразования наименования видов тканей, практическое применение которых внесло огромный вклад в развитие словарного запаса казахского языка, так как они впервые рассматриваются в историческом, культурном, национальном аспектах и в этом заключается научная новизна. В казахском языке с древних времен по сегодняшний день используются основные способы словообразования: синтетический (морфологический), аналитический, (синтаксический), лексико-семантический способы. При помощи перечисленных способов мы определяем особенности их словообразования в казахском языке, что способствует легкому усвоению названий тканей на практических занятиях профессионального казахского языка.

In the submitted article are revealed features of word formation of the name of types of fabrics, which practical use has made a huge contribution to development of a lexicon of Kazakh and are considered as the main part of the history, culture, customs and traditions for the first time and the scientific novelty consists in it. Kazakh language word have been fully accepted since ancient times, as well as the main methods of them are as follows: 1) synthetic (morphology), 2) analytical (syntax), 3) lexical and semantic approaches. With the help of these methods, we determine the peculiarities of their word-formation in the Kazakh language, which facilitates the easy assimilation of the names of fabrics at practical classes of the professional Kazakh language.

Негізгі сөздер: сөзжасам, сөздік қор, синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсіл.

Ключевые слова: словообразование, словарный запас, синтетический, аналитический, лексико-семантический метод.

Key words: word building, lexicon, synthetic, analytical, lexico-semantic approach.

Кіріспе

Қазақ тілі – өте бай тіл, оған дәлел –сөздік қордың керемет үлкен болуы. Тілде сөз жасаудың тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Тілде сөздер көне замандардан бері қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады. Ал кездеме атаулары, соның ішінде маталар атауларының да қазақ тіліндегі алтын сөздік қорына қосатын үлесі зор, себебі олар тарихымыздың, мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің негізгі бөлігі ретінде қарастырылады.

Зерттеу әдістері және нысандар

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар: 1) синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, 2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл, 3) лексика-семантикалық тәсілі [2].

Нәтиже және оны талдау

Қазақ тілі түркі тілдер семьясына жата-тындықтан сөздер әртүрлі жұрнақтар мен қосымшалар арқылы жасалады. Сөздердің синтетикалық тәсілі тілімізде туынды сөз жасауда негізгі қызмет атқарады. «Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: 1) лексикалық мағыналы сөз, 2) сөзжасамдық жұрнақ» [3]. Лексикалық мағыналы сөз негізгі мағынасы бар сөздер жасауға арқау болады, ал сөздің негізгі мағыналы бөлшегін түбір дейді. Түбір сөз дегеніміз жаңа сөз жасауға негіз болады, **мысалы, баршын, парша, пүліш, борлат, барқыт, торғын, атлас** т. б. сөздердің түбірлері — **бар, нар, пұл, бор, тор, ат**. Қазақ тіліндегі түбір сөздер бір буынды немесе екі, үш, төрт буынды болып келеді, мысалы, **маңлық, құл-пы, тап-та, ұш –тап** сөздері екі буыннан тұрса, **саң, шыт, бөзсөздері** бір буыннан, **был-ға-ры, қа—сап—дар, би-қа-сап, сәл-де-бөз, ши-бар-қыт, сәр-пөң-ке** үш буынан тұрады, ал төрт және бес буынды маталар атаулары жоқтың қасы десе болады. Синтетикалық термин жасамда жұрнақ негізгі мүше болып саналады, синтетикалық тәсіл арқылы туынды түбірді тек жұрнақ жасайды, ал жұрнақ жаңа мағына тудырады. Мысалы, қой-**қын** жуан жіптен тоқылған қалың матаға жатады. Дүр-**ия** – жылтырауық тығыз жібек мата. Ләм-**бек** маған ұнамайды, себебі арзандау көрінеді. Етегі, жоғары бөлігі алтын неме-се күміс **пар-ша**мен оюланыпты. Тор-**ғын** матасы дұрыс болсын. Шіл-**тер** сатылуы мүм-

кін. Сөз тудырушы жұрнақ өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертіп, жаңа сөз тудырады. Мысалы, **кам+қа, пұл+ іш, ки+ із, су+сы+ма, бер+ ен, ақ+саң жау + лық, құл+пы, ұл+па** т.б.

Сөзтүрлендіруші жұрнақ өзі жалғанған сөздің рең мәнін ғана түрлендіреді, негізгі мағынасын өзгертпейді, жаңа сөз тудырмайды.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсысының орны бар, негізгі сөз бірінші орында тұрады, жұрнақ екінші орында тұрады. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты.

Сөзжасамның аналитикалық, тәсілі - тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілі-мізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Аналитикалық тәсіл деп екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады. Мысалы, мата атау-ларының ішінде **сусыма, шибарқыт, аңдабы, қаракөл, сусар** т.б. Бұл мысалдар көбінесе екі сөзден құралып жасалған. Тағы бір айта кететін ерекшелік, мата атаулары сын есімдер қызметін атқарып сөз тіркестерін құруға арқау болады, мәселен, қайыс, барқыт, жібек белдіктер, құлын жарғақты бешпент, көк сауыр етік, қатипа тақия, құндыз бөрік, барқыт тымақ, қасқыр ішік, жібектей толқын шаш, масатыдай құлпырған жер, қой-ешкі терілерінен тігілген белдіктер, қамқа бөрік, сәндеп өрнектеген ақ шыт, берен тон, бәтес көйлек, «Қазине қамзол кидім қиылмаған» (С.Мұқанов) және тағы басқа мысалдар дәлел бола алады.

Мата атауларының қосарлануы арқылы жасалған сөздері де баршылық және бұл аналитикалық тәсілдің біреуіне жатады, мысалы **үлде–бұлде, күн-түн**.

Түбір сөздердің қосарланып айтылуынан жасалған атаулар қазақ тілінде аса жиі кездеспейтінін де айта кету керек.

Кейбір сөздер дара мағыналы сөздерден құралып, жинақтық я жалпылық мағынаны білдіреді. Мысалы: **жібек** сөзі беті тегіс, жылтыр, қымбат мата атауы ретінде жібектің бірнеше түрін білдіреді, оларға: қамқа – зерлі жіптен тоқылған жібек мата, **қатина** – жолжолы бар жұқа жібек мата, **торқа** – ең қымбат жібек мата, торғын – қымбат бағалы жібек матаның бір түрін көрсетсе, **патсайы** – тығыз тоқылған жібек матаның бір түрін, ал **биқасап** – еңсіз жібектен тоқылған жолақ матаны, **дүрия** – жылтырауық тығыз жібек мата түрін, баршын – жолақты жібек матаны, **на-сар** – жібек кездемені, **қырмызы** - жоғары са-

палы қызыл жібекті, *пай* немесе пайы – жібек мата түрін көрсетеді.

Аналитикалық әдістің тағы бір өнімді түріне қысқарту тәсілі жатады, оларға тілден тыс және ішкі тілдік факторлар әсер етеді. Кездеме атаулары ішінде аталған тәсіл арқылы жасалған сөздер мүлде жоқ десе де болады.

Қазақ тілінде жиі кездесетін лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздердің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны тіл ғылымында конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы - өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар [1]. Мысалы, *шибарқыт* сияқты атау зат есімнен жасалған. Ал *пұл+ишзат* есім+етістік тіркесінен жасалған. *Сусыма, бүркеніш, берен, сыңсыма, күлдірі, шыдаған* сөздері етістіктерден жасалып зат есімдерге айналған. Кейде лексика-семантикалық тәсіл сөзге жаңа мағына берсе де, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалатын жағдайлары да кездеседі, мысалы, *салдебөз, меткетон, биқасан, кінауыз* сөздері киім атауларын бергенімен зат есім болып қалған.

Қорытынды

Осындай тәсілдер арқылы пайда болған кездеме атауларының жасалу ерекшеліктерін білудің пайдасы мол, себебі мата атауларының қазақ тіліндегі алтын сөздік қорын дамы-

туда алатын орны ерекше және олар ұсынылып отырған мақалада тарихымыздың, мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің негізгі бөлігі ретінде қарастырылды. Мата атауларының жасалу жолдарын анықтап, тілде сөз жасаудың тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар екенін және сол жүйе арқылы жасалатын атаулардың осы күнге дейін ғылыми түрде зерттелінбегеніне көз жеткіздік. «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыр. Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтар бәріде кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес», - деп жазды [4].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сарбалаев Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі конверсиялық тәсіл және адъективация: монография. - Алматы: Арыс, 2013. - 224 б.
2. Салқынбай А. Қазақ тілі сөз жасамы. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 213 б.
3. Оразалиева Ә.Н. Қазақ тіл біліміндегі сөз тіркесі теориясының қалыптасуы: автореферат. ... фил. ғылым. канд.: 10.02.02 – Алматы, 1996. – 30б.
4. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985.- № 10.- 7-12 б.